

FTAMP 03.81

<https://doi.org/10.63051/kos.2026.3.326>

¹Мәсімханұлы Д.  ² Оспанов Н.М.  ³ Каримова З.К. 
^{1,2,3} ҚР ҒЖБМ ҒК Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану
институты, Алматы, Қазақстан.
E-mail: ¹duken.masimhan@gmail.com, ²nurlanpostdok@gmail.com, ³
vostok_karimova@mail.ru

«ДЖИГУ ДЖОНЁ (ЖЕРДІ ЗЕРТТЕУГЕ КІРІСПЕ)» КІТАБЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ТҮРКІ ТОПОНИМДЕРІ

Аңдатпа. Бұл мақалада 1857 жылы жарық көрген Джигу Джонё «Жерді зерттеуге кіріспе» кітабындағы қазақ және түркі географиялық атаулары қарастырылады. «Джигу Джонёның» авторы - конфуций догмасына қарсы «практикалық білімді» жақтаған Сирхак қозғалысының мүшесі корей картографы Чхве Ханги. Мақаланың жаңалығы Чосон әулеті (1392-1897) кезіндегі корей картографиясын, философ және картограф Чхве Хангидің өмірбаянын және «Джигу Джонёдағы» түркі топонимдерін зерттеуде жатыр. Оңтүстік Корея тарихшылары мен картографтарының еңбектерін зерттеу бізге қазіргі дәуірдегі корей картографиясының негізгі бағыттары мен даму кезеңдерін түсіну міндеттерінің бірі болады. Мақаланың негізгі мақсаты - корей картографы Чхве Хангидің «Жерді зерттеуге кіріспе» кітабындағы Орта Азия, түркі және қазақ топонимдерін анықтау. Бұл мақалада корей картографиясының тарихын зерттеу және корей карталарындағы түркі және қазақ топонимдерін анықтау үшін сипаттамалық және тарихи әдістер қолданылады. Зерттеу нәтижелері авторларға Еуразияның (地球前圖), Қытайдың (皇清全圖), Ресейдің (俄羅斯圖) және Орталық Азияның (西域各回部圖) Джигу Джонёның карталарында көптеген қазақ және түркі топонимдері көрсетілген деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Алғыс: Мақала ҚР ҒЖБМ «BR24993043 «Қытай және өзге де Шығыс елдері дереккөздеріндегі көне түркі топонимдері – қазіргі түркі интеграциясының түп негіздерінің бірі: тарихи-этимологиялық, лингвистикалық көрінісі» тақырыбындағы нысаналы қаржыландыру бағдарламасы аясында жазылған.

Кілт сөздер: Чхве Ханги, корей ескі карталары, Джигу Джонё, қазақ және түркі топонимдері.

Кіріспе

Корей тарихындағы үзік деректер картографияның бұл өңірде көне заманнан бастап қолданылғанын дәлелдейді. Корей түбегінің жер бедері негізінен таулы болғандықтан, карталар мемлекетті басқаруда, әсіресе соғыс қимылдары мен төтенше жағдайлар кезінде маңызды құрал ретінде пайдаланылған. Тарихи мәліметтер карталардың Үш патшалық кезеңінде (б.з.д. 57-676 жж.) және Корё әулеті тұсында (б.з. 918-1392 жж.) болғанын көрсетеді, алайда олардың ешқайсысы бүгінгі күнге дейін сақталмаған (하늘, 2007:190).

Картографиялық қызмет барысында корей картографтары Қытайда қалыптасқан жалпы картографиялау қағидаларын негізге алып, оларды өздерінің мәдени ерекшеліктері мен табиғи-географиялық жағдайларына сәйкес бейімдеген (Ledyard, 1994:235).

Тарихи жазбаларға сәйкес, Корё дәуірінің соңында Үш патшалықтың картасы (Ли Сун жазған), Корё мен Қытайдың картасы (картограф На Хын Ю жазған) және Корё әулеті кезіндегі Корей түбегінің картасы болған. Корё картографтарының географиялық білімі Корей түбегі мен Қытаймен шектелмеген; оларда Жапония мен Үндістан туралы да ақпарат болған. Корея тарихшылары мен картографтары Корёда Орталық Азияның, Арабия аймағының және

Оңтүстік Тынық мұхитының әртүрлі аралдарының карталары болған деп санайды. Әрине, бұл карталар қазір жоқ. (신편 한국사, 1996:202)

Тарихи жазбаларға сүйенсек, Корё дәуірінің соңында Үш патшалықтың картасы (Ли Сун құрастырған), Корё мен Қытайды қамтыған карта (картограф На Хын Ю жасаған), сондай-ақ Корё әулеті кезеңіндегі Корей түбегінің картасы болған. Корё картографтарының географиялық танымы тек Корей түбегі мен Қытаймен шектелмей, Жапония мен Үндістан туралы мәліметтерді де қамтыған. Корей зерттеушілерінің пікірінше, сол кезеңде Орталық Азияға, Арабия өңіріне және Оңтүстік Тынық мұхитындағы бірқатар аралдарға қатысты карталар да болған, бірақ бұл карталар қазіргі заманға жетпеген (신편 한국사, 1996:202).

Чосон әулеті дәуірінде (1392–1897)⁵ картография ерекше маңызға ие болып, мемлекеттің құрылған алғашқы кезеңдерінен бастап басқару ісіне қажетті әртүрлі карталар жүйелі түрде жасалды. Карта жасаудың негізгі екі бағыты айқындалды: әкімшілік және әскери. Әкімшілік карталар жерді есепке алу мен салық жүйесін ұйымдастыруға қызмет етсе, әскери карталар елді сыртқы қауіп-қатерден қорғауға және соғыс жағдайларына дайындықты қамтамасыз етуге бағытталды (하늘, 2007:190).

Зерттеу әдістері мен материалдары

Зерттеудің дереккөздік базасын XIX ғасырдағы корей картографиялық мұралары құрайды. Негізгі материал ретінде 1857 жылы жарық көрген Джигу Джонё еңбегіндегі Еуразия картасы (地球前圖 / 유라시아), Қытай картасы (皇清全圖 / 중국), Ресей картасы (俄羅斯圖 / 러시아 총도) және Орталық Азия картасы (西域各回部圖 / 중앙아시아 각국) пайдаланылды. Аталған еңбек – корей философы әрі ғалымы Чхве Хангидің әлемдік географияға арналған зерттеуі болып табылады. Корей ортағасырлық карталарын талдау барысында Қытайдың Ұлы қорғаны мен Тянь-Шань тау жүйесінен бастап, солтүстікте Орал өзені мен Орал тауларына дейін, сондай-ақ шығыста Алтай тауларынан батыста Каспий теңізіне дейінгі кеңістікте бейнеленген географиялық атауларға ерекше назар аударылды. Бұл аймақтық шеңбер карталардағы кеңістіктік түсініктер мен географиялық білім ауқымын айқындау үшін таңдап алынды.

«Жерді зерттеуге кіріспе» кітабындағы карталар мен топонимдердің едәуір тозуына байланысты, қосымша дереккөз ретінде оңтүстік корейлық картограф О Гиль Суннің «Чхве Хангидің Джигу Джонё суреттері мен жер атауларын зерттеу» атты еңбегі қолданылды (오길순, 2010:63). Аталған зерттеуде автор қытай иероглифтерімен берілген географиялық атауларды анықтап, оларды хангыль (корей әліпбиі) жазуымен қатар көрсеткен. Осыған байланысты, берілген мақалада О Гиль Сун тарапынан корей тілінде редакцияланған Чхве Хангидің Джигу Джонё карталары негізгі талдау материалы ретінде пайдаланылды.

Мақала негізінен сипаттамалық әдісті қолдана отырып жазылған, корей картографиясы, Чхве Хангидің өмірбаяны және оның Джигу Джонё картасы бойынша корей және ағылшын тілдеріндегі материалдарды жинап, талдап және жүйелеп көрсеткен. Чхве Хангидің Джигу Джонё картасын зерттеген кезде ортағасырлық дәуірден бастап XIX ғасырға дейін Корей түбегінде болған оқиғаларды сипаттау үшін хронологиялық әдіс қолданылды. Бұл әдіс Жаңа заманда корей картографиясына әсер еткен Корей түбегіндегі оқиғаларды, фактілерді және процестерді баяндауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, салыстырмалы әдіс қолданылды, ол иероглифтердегі қазақ және түркі топонимдеріне, олардың түпнұсқадағы айтылуына және корей мен қазақ тілдеріне аудармаларына негізделген кесте құруды қамтыды. Бұл әдіс әртүрлі тілдердегі топонимдерді салыстыруға және Джигу Джонё корей картасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды анықтауға мүмкіндік береді.

⁵ 1897 жылы Чосон мемлекеті Корей империясы деп аталды, ол 1910 жылға дейін өмір сүрді.

Талқылау

Чхве Ханги Сирхак саяси ағымының ең танымал зерттеушілерінің қатарына кірмеген, бірақ көптеген еңбектер қалдырған, соның ішінде география бойынша да еңбектері жетерлік. Оңтүстіккореялық ғалым Но Хэ Джон «Джигу Джонё» еңбегін Ци философиясын (аумақ, таулар мен су, жел мен ауа, адамдар мен тауарлар) батыстық ғылыми біліммен интеграциялауға бағытталған академиялық талпыныстың нәтижесінде пайда болған, жүйеленген әрі практикалық дүниежүзілік география оқулығы ретінде қарастырады (Но, 2005).

Көне корей карталары бойынша белгілі оңтүстіккореялық зерттеуші О Саң Хак «Джигу Джонё» еңбегіне жалпы шолу жасаған. Оның жазуынша, еңбекте құрлықтар, аймақтар мен елдердің аумағы, климаты, тұрмыс салты, сарайлары, қалалары, жазуы, саудасы, әскери жүйесі, жазалау шаралары, әдет-ғұрыптары және т.б. жан-жақты сипатталады. О Саң Хак Қытай, Жапония, Үндістан, Ресей, Африка, Еуропа және Американы атайды, алайда Қазақстан, Қырғызстан, Самарқанд, Қоқан және т.б. Орталық Азия елдерін нақты талдамайды.

Юн Сок Хо Еуропаны сипаттау барысында Чхве Ханги «Jifang Waiji» (職方外紀), «Yinghuan Zhilüe» (瀛環志略) және «Haiguo Tuzhi» (海國圖志) атты үш анықтамалықтағы еуропалық елдерге қатысты жалпы сипаттамаларды қайта құрастырып, өз еңбектеріне енгізгенін атап өтеді. Сонымен қатар ол шамадан тыс діни ықпалға ие, қытайға бағдарланған баяндауларды, шынайылыққа сай келмейтін әсерлер мен сындарды қамтитын артық ақпаратты алып тастаған (윤석호, 2025).

Жапон ғалым-зерттеушісі Ягю Макото Чхве Ханги «Джигу Джонё» еңбегінде Жапонияға қатысты ұстамды әрі объективті баға беретінін, алайда жапон материалдарына қолжетімділігі шектеулі болғанын жазады (야규마코토, 2017). Бұған қарама-қарсы бағалау оңтүстіккореялық ғалым Пак Хэ Мин тарапынан беріледі, ол Жапонияға қатысты картаны жасау барысында Чхве Ханги XVIII ғасырдағы корей, қытай және жапон тарихи-географиялық дереккөздерінің ауқымды қабатын зерттегенін атап өтеді. Сонымен қатар, ол неғұрлым жүйелі реконструкция жасау мақсатында мазмұнды жеңілдетіп, нақтылап, заманауи дереккөздерге басымдық берген, сенімсіз ақпарат пен субъективті бағаларды алып тастап, объективті сипаттама ұсынуға ұмтылған, сондай-ақ климатқа қатысты жағдайларда география мен картографиялық деректер негізінде ендікке байланысты мәліметтерді толықтырған. Жапонияға арналған сапалы бөлім жазу үшін ол Жапонияға барған немесе сол ел туралы еңбектер жазған корейлермен кеңескен (박혜민, 2024).

Жалпы алғанда, оңтүстіккореялық зерттеушілердің Чхве Хангидің «Джигу Джонё» еңбегіне қатысты жұмыстарын талдау оңтүстіккореялық зерттеулерде еуропалық және америкалық бағыттардың басым екенін, ал Орталық Азия елдері мен Шыңжаңда ежелден өмір сүріп келе жатқан түркі халықтарына жеткілікті көңіл бөлінбейтінін көрсетті. Осыған сәйкес, аталған зерттеу корейдің көне карталарындағы қазақ және түркі топонимикасын зерделеуге үлес қосады, бұл қазақ ғылымы үшін жаңа бағыт болып табылады.

Чосон кезеңіндегі корей картографиясы

Корей түбегі мен әлемнің әртүрлі елдерін бейнелейтін дәстүрлі корей карталары Чосон әулеті кезеңінде (1392–1897) кеңінен таралып, жүйелі түрде жасалды. Дегенмен жазбаша дереккөздерде Чосон дәуіріне дейінгі кезеңдерде де карталардың болғаны туралы мәліметтер кездеседі. Корей түбегін және оған іргелес аралдарды қамтитын карталар «чонгукдо» (全國圖) немесе «чондо» (全圖) деп аталды. Аталған карталар тек аумақтық бейнелеу құралы ғана емес, сонымен қатар корей халқының тарихи-географиялық дүниетанымын, ата-бабаларының елді кеңістікте қабылдау ерекшеліктерін, идеологиялық ұстанымдарын көрсететін маңызды дереккөз болып табылады. Сонымен бірге олар сол кезеңдегі ғылыми-техникалық деңгей,

картографиялық нормалар мен стандарттар, сондай-ақ көркемдік бейнелеу дәстүрлері туралы да құнды мәлімет береді. Чосон әулеті тұсындағы корей карталарын шартты түрде екі негізгі топқа бөлуге болады. Бірінші топқа Чосон мемлекетінің алғашқы кезеңінен бастап ресми басқару қажеттіліктері үшін жасалған, географиялық тұрғыдан неғұрлым нақты әрі дәл карталар жатады. Екінші топқа «Тонграмдо» (東覽圖) деп аталатын карталар кіреді. Бұл карталар аумақтың нақты контурын дәл сақтауды мақсат етпей, ағаш тақталарға ойып басуға ыңғайлы клише өлшемі мен пішінін ескере отырып жасалған баспа нұсқалары болып табылады. Осылайша, Чосон дәуіріндегі картография практикалық-мемлекеттік және символдық-көркемдік бағыттардың қатар дамығанын көрсетеді (www.cartography.or.kr, 12.01.2026).

Чосон әулеті құрылғаннан кейін мемлекет басқару жүйесінде маңызды әкімшілік реформалар жүзеге асырылды. Әулеттің негізін қалаушы Ли Сонге астананы Ханьяң қаласына көшіріп, Корё әулеті кезеңінде болған бес провинция мен екі аймақтың орнына сегіз провинциядан тұратын жаңа әкімшілік-аумақтық құрылымды бекітті. Осы аумақтық қайта ұйымдастырумен қатар, жаңартылған әкімшілік жүйені бейнелейтін карталардың жасалуы заңды құбылыс болды. Тарихи деректерге сәйкес, Ли Сонгенің туған күніне орай, оның билігінің екінші жылының мамыр айында Мемлекеттік кеңес ел аумағының картасын дайындаған. Чосон мемлекеті құрылғаннан кейін шамамен он жыл өткен соң жасалған бұл карта сол кезеңде қайта қалыптасқан әкімшілік бөліністерді көрсетуге бағытталған болуы ықтимал. Аталған картаның авторы Мемлекеттік кеңестің бас инспекторы Ли Хо деп көрсетіледі (한국사, 1995:173).

Корей түбегін бейнелейтін карталармен қатар, Чосон дәуірінде әлем карталары да жасалған. Корейлердің дүниетанымы негізінен қытайлық космологиялық түсінікке сүйенді: аспан – дөңгелек, ал жер – тегіс әрі тікбұрышты деп қабылданды.

1402 жылы «Хон иль канни ёктэ кукдо джидо» (Каннидо) деп аталатын әлем картасы жасалды (혼일강리역대국도지도(混壹疆理歷代國都之圖)). Толық атауы – Қытайдың тарихи мемлекеттері мен астаналарын қамтитын біріктірілген жерлер мен аймақтардың картасы. Бұл еңбек бүгінгі күнге дейін сақталған Қиыр Шығыстағы ең көне әлем картасы ретінде белгілі. Картаны корей ғалымдары Квон Кун және Ли Хве құрастырған. Алайда бұл картаның түпнұсқасы немесе көшірмелері қазіргі Корея аумағында сақталмаған. Ұзақ уақыт бойы жалғыз сақталған нұсқа Рюкё университеті қорында, Киото қаласында сақтаулы деп есептеліп келді. Кейінірек, 1988 жылдың сәуір айында Симабара қаласындағы Хонкодзи ғибадатханасынан тағы бір көшірменің табылуы бұл картаның таралу ауқымы мен тарихи маңызын айқындай түсті. Карталардың айырмашылығы - Хонкодзи картасы Рюкё карталарынан сәл үлкенірек (한국사, 1995:187).

Зерттеуші Нұрлан Кенжеахметтің пікірінше, Каннидо картасындағы түркі және Орталық Азияға қатысты топонимдердің едәуір бөлігі ерте ислам дәуіріндегі картографиялық еңбектерден алынған. Бұл, ең алдымен, мұсылман географиялық дәстүрінің Чосон дәуіріндегі корей картографиясына жанама түрде ықпал еткенін көрсетеді. Сонымен қатар Африка, Еуропа және батыс Орталық Азия аумақтарына тән географиялық атаулар араб-парсы карталарындағы атаулардың қытай иероглифтері арқылы дыбыстық бейімделу нәтижесінде берілгені байқалады. Осы тұрғыдан алғанда, қытай және корей картографтарының Орталық Азия жөніндегі мәліметтерді тікелей жазба дереккөздерден ғана емес, сонымен қатар түркі және өзге де тілдерде сөйлейтін саудагерлермен байланыс арқылы алған болуы ықтимал (Kenzheakhmet, 2015:143).

Батыс өркениеті мен Қытай арасындағы байланыстардың күшеюі Чосон әулетінің соңғы кезеңінде корей картографиясының мазмұны мен дүниетанымдық негіздеріне елеулі ықпал етті. Осы өзгерістердің айқын көрінісі итальяндық миссионер Маттео Риччи 1602 жылы

құрастырған «Гунъюй Ванго Куанту» атты әлем картасының пайда болуымен байланысты. Аталған карта қытайлықтардың дәстүрлі әлем бейнесінде түбегейлі бетбұрыс жасап, бұрынғы карталармен салыстырғанда әлдеқайда кең ауқымды әрі егжей-тегжейлі географиялық ақпаратты қамтыды. Оның мазмұны тек шетелдік аймақтардың көптігімен ғана емес, әлемнің құрылымын жаңаша көрсетуімен де қытай ғалымдарын таңғалдырды (encykorea.aks.ac.kr, 12.01.2026). Бұл үдерістер Чосон қоғамына да әсер етті. Ғылыми және мәдени ортада ұзақ уақыт үстемдік еткен неоконфуцийшілдік көзқарастар біртіндеп қайта қарастырыла бастады. Соның нәтижесінде корей зиялы қауымының бір бөлігінде батыс ғылымы мен мәдениетін қабылдауға және оны дәстүрлі білім жүйесімен ұштастыруға ұмтылған жаңа интеллектуалдық бағыт қалыптасты.

Корейлер мен еуропалықтар арасындағы негізгі жанама байланыстар Қытай астанасы – Бейжің қаласында жүзеге асты. Батыс мәдениеті Чосон мемлекетіне жыл сайын Қытайға аттанған корей елшілері арқылы таралды. Елшілік миссиялар тек дипломатиялық міндет атқарып қана қоймай, сонымен қатар жаңа ғылыми білімдер мен мәдени ақпаратты жеткізудің маңызды арнасына айналды. Жыл сайынғы сапарлар Ханьяң мен Бейжің арасындағы тұрақты мәдени көпір қызметін атқарып, сол арқылы дамыған құрлықтық өркениеттердің жетістіктері Чосон қоғамына үздіксіз еніп отырды. Осы үдерістің нәтижесінде XVII ғасыр Батыс өркениетінің Чосон қоғамына жүйелі түрде ене бастаған кезеңі ретінде сипатталады (권오영, 2009:294).

Чхве Хангидің (최한기) шығу тегі және қысқаша өмірбаяны

Чхве Ханги (1803–1877) өз еңбектерінде Хёган (惠岡), Пэдон (溟東), Мённамру (明南樓) және Кихвадан (氣和堂) секілді бірнеше бүркеншік аттарды қолданған. Ол 1803 жылы Чхонджу өңірінде Хань руынан шыққан Чо Чихён әулетінде, Хан Гёнридің қызынан дүниеге келген. Ғалымның туған жері ретінде Кесон қаласы көрсетіледі, себебі оның ата-бабалары осы өңірде бірнеше ұрпақ бойы өмір сүрген. Чхве Хангидің әулеті бастапқыда ақсүйек тегінен шыққанымен, сегізінші буыннан бастап қарапайым тұрмыс кешкен. Соған қарамастан, олардың әулеті провинциялық басқару қызметтеріне тағайындалу, патша жарлықтарын алу және қайтыс болғаннан кейін берілетін атақтар сияқты бірқатар әлеуметтік артықшылықтарға ие болған (contents.history.go.kr/mobile, 12.01.2026).

Чхве Хангидің алғашқы еңбегі 1836 жылы жарық көрді. Сол жылы ол философиялық бағыттағы «Син-ги-тон» (神氣通) және «Чучурок» (推測錄) атты екі томдық еңбегін жариялады. Кейін бұл шығармалар бір кітапқа біріктіріліп, «Кигён-че-и» (氣測體義) деген атаумен белгілі болды. Аталған еңбектердің мазмұны сол кезеңде Қытай арқылы тарала бастаған Батыс ғылымы жөніндегі ауқымды білімге негізделген. Өз зерттеулерінде Чхве Ханги ойыс және дөңес линзаларды қоса алғанда, оптикалық құбылыстарды, сондай-ақ дыбыс, түс пен иістің таралу заңдылықтарын талдады. Сонымен қатар ол Жердің пішіні туралы көзқарасын білдіріп, оның тәуліктік айналуын Николай Коперник ұсынған гелиоцентрлік теориямен байланыстыра түсіндірді (contents.history.go.kr, 12.01.2026).


Зерттеушілердің бағалауынша, Чхве Ханги 1830–1867 жылдар аралығында 1000-нан астам кітап жазған немесе аударған, алайда қазіргі күні тек 120 томға жуық, 20 түрлі шығарма ғана сақталған. Бұл еңбектер кейіннен үш томдық жинақ ретінде «Мённамрудың толық шығармалары» атауымен қайта басылған. Чхве Ханги өз шығармаларында география, тарих және әлемнің әртүрлі аймақтарынан алынған ғылыми білімдерді қамтып қана қоймай, сондай-ақ Кореяға алғаш рет батыс медицинасын, фармацияны және астрономиялық тұжырымдамаларды енгізген (www.kculture.or.kr, 12.01.2026).

Оңтүстік Корея ғалымдары Чхве Хангидің еңбектерінің көп бөлігін сол кезеңде Қытайда қолжетімді болған, кейіннен Кореяға әкелінген батыс ғылыми, технологиялық және географиялық білімдерді бейімдеу нәтижесі деп бағалайды. Оның «Джигу Джонё» атты географиялық атласы Вэй Юаньның «Шет елдердің иллюстрациялық түсіндірмелері» (Хай го


тужи, 1847–1852) және Сую Цзибейдің «Инхуань жияло» (瀛環志略) еңбектеріне негізделіп, олардың қысқаша мазмұнын ұсынады (contents.history.go.kr, 12.01.2026).

Зерттеу нәтижелері

«Джигу Джонё» (지구전요 / 地球典要) – Жерді зерттеуге кіріспе, Чхве Хангидің әлемдік география жөніндегі кітабы. Еңбек жеті кітаптан және 13 тараудан тұрады, оның 13-тарауы карталарға, қалған 12 тарауы аймақтық географияға арналған. Бұл кітап 1857 жылы аяқталған және түпнұсқасы қазіргі таңда Корея Республикасының Ұлттық кітапханасы қорында сақтаулы (terms.naver.com, 12.01.2026).



1 - сурет. Джигу Джонё. Чхве Ханги (최한기). 1857 г. Сеул, Корея Республикасының Ұлттық кітапханасы (Оспанов, 2024:102)



2-сурет. Джигу Джонё. О Гил Сунның « Чхве Хангидің Джигу Джонё бейнелері мен жер атауларын зерттеу» мақаласынан (오길순, 2010:67).

1- кесте. Чхве Хангидің Джигу Джонё (地球前圖 (유라시아) Еуразия картасы

№	Түпнұсқа атаудың жазылуы	Иероглифтың айтылуы	Корей тіліндегі жер атауы (О Гиль Сунның аудармасы)	Қазақ тіліндегі жер атауы
1	哈萨克	Ha sa ke	카자흐	Қазақ
2	北哈萨克	Běi Ha sa ke	북 카자흐	Солтүстік Қазақ
3	俄罗斯	E lu o si	러시아	Ресей (7 рет)
4	乌梁海各	Wu ling hai ge	우랑카이	Урянхай
5	新疆	Xīn jiāng	신강	Шыңжаң
6			이슬람 지역	Мұсылман аймағы
7	布鲁特	Bu lu te	키르기즈	Бұрыт (2)
8	咸海	Xián hǎi	아랄해	Арал теңізі
9	里海	Li hai	카스피 해	Каспий теңізі
10	波斯	Bō sī	페르시아	Персия
11	浩罕	Hào hǎn	코칸드	Қоқанд
12			아프간	Ауған
13	布哈爾	Bù hā ěr	부하라	Бұхара
14	外蒙古	Wài ménggǔ	외몽골	Сыртқы Монғолия
15	內蒙古	Nèiménggǔ	내 몽골	Ішкі Монғолия
16	土耳其	Tǔ'ěrqí	터키	Түркия

(오길순, 2010:67).

Орталық Азия мен Қазақстанның географиялық атаулары жөніндегі таңғаларлық хабардарлықты оның өмірбаянын зерттеу арқылы түсіндіруге болады. Онда Чхве Хангидің бала кезінен оқуды және жазуды жақсы көргені айтылады. Зерттеушілер оның қолына сирек мәтін түсе қалса оны көз ілмей оқып, қайта-қайта зерделегенін мысал ретінде келтіреді. Оның артық қаражатының басым бөлігі Цин әулеті дәуірінде Бейжіңнен жаңа кітаптар сатып алуға жұмсалған және ол оларды міндетті түрде оқыған. Чхве Ханги иероглифтерді меңгеруде кең ауқымды білімге ие болған, оларды қысқа уақыт ішінде мыңдап жаза алатын, егер біреу оның қатесін көрсетсе, оны дереу түзететін, ал оқуына қатысты сұрақ қойылғанда, ештеңе білмесе, ұялатын болған (유교적, 2009: 314).

Алайда Апиын соғысынан кейін Қытайдың беделі тек халықаралық аренада ғана емес, сонымен қатар Чосон дәуіріндегі корей зиялыларының елеулі бөлігі арасында да әлсіреді. Соның нәтижесінде уақыт өзгерістерін түсінетін зиялылар саны күн сайын артып, Қытайдан

тыс Батысты зерттеуге бетбұрыс жасалды. Чхве Ханги қытайорталықты дүниетанымға күмән келтірген және Сюй Цзюйдің «Әлем туралы қысқаша жазбалар» (1850) мен Вэй Юаньның «Теңіз асып жатқан мемлекеттердің географиялық сипаттамасы» (1847) еңбектеріне сүйене отырып, дүниежүзі тарихы мен географиясын зерттей бастаған тұлғалардың қатарында болды (장현근, 2011: 100).

1-кесте Еуразия картасында «Қазақ» (哈萨克) және «Солтүстік Қазақ» (北哈萨克) топонимдері белгіленгенін көрсетеді. Қазақстан аумағы ежелден кең байтақ дала кеңістігін қамтығандықтан, оны бір рет қана атау арқылы толық сипаттау қиын болған. Топонимнің иероглифтік түпнұсқасы мен оңтүстіккореялық зерттеуші О Гиль Сун жасаған аударманы салыстыру 哈萨克 (Ha sa ke) атауының және оның корей тіліндегі нұсқасының қазақтың «Қазақ» политонимімен толық үйлесетінін көрсетеді. «Қазақ» (哈萨克) топонимінен бөлек, Еуразия картасында қазақ гидронимдері — Арал теңізі мен Каспий теңізі де белгіленген. Алайда олардың иероглифтік нұсқасы мен О Гиль Сунның корей тіліне аудармасы арасында дыбыстық айырмашылықтар бар. Зерттеушінің аудармасы қазіргі халықаралық «Арал теңізі» және «Каспий теңізі» атауларына көбірек сәйкес келеді. Сонымен қатар, Еуразия картасында көршілес өзбек қалалары Қоқан мен Бұхара да көрсетілген. Бұл топонимдердің түпнұсқадағы және корей тіліндегі аудармасы қазіргі атауларымен сәйкес айтылады. Алайда бауырлас көрші Қырғызстан картада «Бұрыт» (布鲁特) атауымен берілген, ал О Гиль Сун оны «키르기즈» (Киргиджи) деп аударған. «Джигу Джонё» карталарын қалпына келтіріп, зерттеушілер үшін қолайлы етіп ұсынған О Гиль Сун топонимдерді бірден корей тіліне қазіргі халықаралық географиялық атаулар стандартына сәйкес аударып, оқырмандардың елдер мен гидронимдерді бірден танып, түсінуіне мүмкіндік жасаған.



3-сурет. Джигу Джонё. «Чхве Хангидің Джигу Джонё бейнелері мен жер атауларын зерттеу» мақаласынан. Қытай картасы. (오길순, 2010:68).

2-кесте. Чхве Хангидің Джигу Джонё (皇清全圖/중국) Қытай картасы


№	Түпнұсқа атаудың жазылуы	Иероглифтың айтылуы	Корей тіліндегі жер атауы (О Гиль Сунның аудармасы)	Қазақ тіліндегі жер атауы
1	哈萨克	Ha sa ke	카자흐	Қазақ (3)
2	布鲁特	Bu lu te	키르기즈	Бұрыт
3	巴尔噶什湖	Ba er ka shi hu	발하슈 호	Балқаш көлі
4	俄罗斯	E lu o si	러시아	Ресей (4)
5			이스쿠콜 호	Ыстық көл
6	英吉沙爾	Yīngjí shā ěr	잉지사	Яңгішары
7	喀什噶爾	ha shi ga er	카슈가르	Қашқар
8	乌什	Wu shi	우스	Ұш
9	阿克苏	A ke su	아커쑤	Ақсу
10	伊犁	Yi li	이리	Іле
11	庫爾喀拉烏蘇	Kù ěr kā lā wū sū	우쑤	Құрқараусу
12	烏魯木齊	Wu lu mu qi	우루무치	Үрімші
13	巴爾楚克	Bā'ěr chǔ kè	바추	Баршұқ
14	葉爾羌	Yè ěr qiāng	예청	Яркенд
15	庫車	Kù chē	쿠처	Күшар
16	喀拉沙爾	Kā lā shā ěr	샤르카라	Қарашәрі
17	天山	Tian shan	텐산	Тянь-Шань
18	吐魯番	Tu lu pan	투루판	Тұрпан
19	哈密	Ha mi	하미	Қами
20	巴里坤	Bāli kūn	바리쿤	Баркөл
21	古城	Gǔchéng	구청	Гучэн (Жемсары)
22	塔里木盆地	Tǎlīmù péndì	타림 분지	Тарым ойысы (3)
23			고비 사막	Гоби шөлі (4)
24	阿拉善 札薩克圖汗十九旗	阿拉善 札薩克圖汗十九旗	자사그투칸	Алашан Засагт хан 19 ауданы

25	內蒙古西二盟五部共十三旗	Nèiménggǔ xī èr méng wǔ bù gòng shísān qí	내 몽골	Ішкі моңғол батыс екі аймағы, 13 ауданы
26	黑龍江	Hēi lóng jiāng	흑룡강	Хэйлунцзян өзені
27			아라산	Арасан
28	嫩江	Nènjiāng	눈강	Нэньцзян өзені
29	科布多	Ke bu duo	호브드	Қобды
30	阿尔泰山	A er tai	알타이 산맥	Алтай таулары
1	內蒙古東四盟十九部共三十六旗	Nèiménggǔ dōng sì méng shíjiǔ bù gòng sānshíliù qí	내 몽골	Ішкі моңғол шығыс төрт аймағы, 19 тайпа, 36 аудан
2	車臣汗二十六旗	Chēchén hàn èrshíliù qí	세첸칸	Сэцэн ханы 26 ауданы
3	土謝圖汗二十旗	Tǔ xiè tú hàn èrshí qí	투시에드 칸	Түшээт ханы 20 ауданы
4	遼	Liáo	요	Ляо
5	河套	Hétào		Хэтао
6	瀚海	Hànhǎi		Ханьхай

(오길순, 2010:68).

Қытай картасында Қазақстан аумағы Қытай шекарасы бойында көрсетілген. «Қазақ» (哈萨克 / Ha sa ke) топонимі үш рет аталған, ал «Ресей» (俄罗斯) топонимі үш рет, «Қырғыз» (布鲁特 / Bu lu te) екі рет кездеседі. Сонымен қатар, Қытай картасына Қытай, Қырғызстан және Қазақстан арасында бөлінген қырғыздың Ыстықкөл көлі мен Тянь-Шань (天山) таулары енгізілген. Қазақ топонимдері мен гидронимдерінің қатарында Қытай аумағынан бастау алып ағатын Іле өзені (伊犁), Балқаш көлі (巴尔噶什湖) және Алтай таулары (阿尔泰山) белгіленген.

Чхве Хангидің «Джигу Джонё» картасындағы көне корей карталарында жиі кездесетін түркі топонимдерінің қатарына Қашқар (喀什噶爾), Қами (哈密), Күшар (庫車), Яркенд (葉爾羌) жатады.



4-сурет. Джигу Джонё. «Чхве Хангидің Джигу Джонё бейнелері мен жер атауларын зерттеу» мақаласынан (오길순, 2010:74).

3-кесте. Ресей картасы (俄羅斯圖/러시아 총도):

№	Түпнұсқа атаудың жазылуы	Иероглифтың айтылуы	Корей тіліндегі жер атауы (О Гиль Сунның аудармасы)	Қазақ тіліндегі жер атауы
1	哈薩克	Ha sa ke	카자흐	Қазақ (2)
2	北哈薩克	Běi Ha sa ke	북 카자흐	Солтүстік Қазақ
3	烏梁海各	Wu ling hai ge	우랑카이	Урянхай
4	也尼塞斯科	Yě ní sāi sī kē	예니세이스크	Енисейск
5	以東為西伯利亞	Yǐ dōng wèi xī bó lì yǎ	동쪽 시베리아	Шығыс Сібір
6	新疆	Xīn jiāng	신강	Шыңжаң
7	新疆回疆	Xīnjiāng huí jiāng		Шынжаң мұсылмандары
8	咸海	Xián hǎi	아랄해	Арал теңізі
9	里海	Lǐ hai	카스피 해	Каспий теңізі
10	? 哥德斯科一作阿谷			? гэдэск?
11	亞古迪斯可	Yà gǔ dí sī kě	야쿠츠크	Якутск
12	外興安嶺	Wài xìng'ān lǐng	외흥안산맥	Сыртқы Хинган таулары

13			카잔	Қазан
14	峨爾古德斯科一作耳古	É ěr gǔ dé sī kē yīzuò ěr gǔ	이르쿠츠크	Иркутск
15	?基斯科一作東色土謝圖汗			Цзисыкэ
16	布哈爾	Bù hā ěr	부하라	Бұхара
17			우랄산맥	Орал таулары
18			톰스크	Томск
19	恰克圖	Qià kè tú	카흐타	Кяхта
20	多布斯克	Duō bù sīkè		Тобольск?
21	德波爾斯科	Dé bō ěr sī kē		Дэбоэрсыкэ?
22	以西為波羅的海東部	Yǐxī wéi bōluódihǎi dōngbù		Батысқа қарай Балтық теңізінің шығысына дейін
23	雜回部	Zá huí bù	이슬람각국	Аралас мұсылмандар
24	高加索斯舊五部	Gāojiāsuǒ sī jiù wǔ bù	코카서스 5 부	Кавказ көне бес тайпа

(오길순, 2010:74).

Орыс және корей халықтарының алғашқы бейресми кездесуі италиялық монах Джованни дель Плано Карпинидің Қарақорымға жасаған сапарларынан (1245–1247 жж.) кейін тіркелген. Ол Рим Папасы Иннокентий IV-тің дипломаты қызметін атқарып, Моңғол империясының ұлы ханы Гүйіктің таққа отыруының куәсі болды. Аталған рәсімде моңғолдар корейлер мен орыстарды ресми салтанатқа шақырмай, Суздальдан келген орыс князі Ярославты, қытай билеушілерін, солонгтарды (корёс тұрғындарын), сарациндердің он сұлтанын, Грузия патшасының ұлын, Балдах халифін (сұлтан) және басқа да көптеген қонақтарды қоршаудың сыртында күтіп тұруға қалдырған (onekorea.ru, 12.01.2026).

Корея мен Ресейдің ресми алғашқы кездесуі XVII ғасырдың соңында «Орыс экспедициясы» барысында орын алды. Португалия мен Нидерланды сияқты еуропалық мемлекеттердің теңіздік отарлау әрекеттерінен шабыттанған орыстар XVII ғасырда Орал тауларынан өтіп, Сібір арқылы құрлықпен Шығыс Азияға қарай белсенді түрде ілгерілей бастады, нәтижесінде Хэйлунцзян өзеніне және Приморье өлкесіне жетті. Ресей империясының боданы Ерофей Павлович Хабаров Амур өзені бойымен жүргізілген кең ауқымды орыс экспансиясының бастамашысы болды. Оңтүстіккореялық зерттеуші Вон Чэ Ён Хабаровтың Амур өзені бойымен жорығы көптеген қылмыстық әрекеттермен қатар жүргенін жазады. Мәселен, бір ауылда Хабаров жасағы 660 адамды өлтіріп, әйелдер мен балаларды тұтқынға алған, сондай-ақ бағалы терілер мен азық-түлікті тонаған. Хабаров әрекеттеріне жауап ретінде Цин әулеті маньчжур әскерлерін жібергенімен, 1652 жылдың сәуірінде олар орыс тараптың атыс қаруының басымдығына байланысты жеңіліске ұшырады. Оқиғаларға жақын орналасқан бекіністер мен әскери гарнизондардың болуына байланысты Цин әулеті 1654 жылы Кореядан көмек сұрады. 1654 жылдың ақпанында ван Хёджон Хамгён провинциясының әскери қолбасшысы Бён Гыптың басшылығымен Туманган өзеніне 152

мергеннен тұратын жасақты жіберді. Корей әскерлері цин әскерлерімен бірігіп, сәуірдің соңынан мамырдың басына дейін шамамен он күн бойы шайқастар жүргізді. Біріккен қытай-корей күштері шабуылдарды тойтаруға қол жеткізді. 1658 жылы ван Хёджон Син Рюдін басшылығымен 265 сарбаздан тұратын жасақты жіберіп, олардың мақсаты орыс кемелерін жою болды. Нәтижесінде Хэйлунцзян өзен флотындағы 11 орыс кемесінің 10-ы суға батырылды. Корейлердің бұл көмегі 1689 жылғы Нерчинск бейбіт келісімінің жасалуына өз үлесін қосты (원재연, 1999: 188).

Ресейге қатысты ақпараттық күн тәртібі Кореяда Қытайдағы батыс державаларының агрессивті әрекеттеріне байланысты пайда болды. Корейлер ақпаратты жыл сайын Бейжінге жіберіп отырған өз елшілерінің баяндамалары арқылы алып отырды. Елшілердің мәліметтері жедел сипатта болмаған, тек 1860 жылғы Апиын соғысы кезінде Қытай императорының астанадан эвакуациялануы сияқты төтенше жағдайларды қоспағанда. Елшілердің есептері арқылы корей мемлекет қайраткерлері Қытайдың әртүрлі аймақтарындағы батыс күштерінің ілгерілеуін шамамен бағалай алған. Бұл мәліметтердің қатарында орыстардың Бейжінде елшілік ашқаны және Хэйлунцзян провинциясының аумағына талап қойып отырғаны туралы деректер де болған (한국사, 2000: 1). Солтүстік-Шығыс Азиядағы жағдай да корейлер мен қытайлар үшін елеулі алаңдаушылық туғызды, өйткені Жапония мен Ресей оңтүстікке қарай қарқынды түрде ілгерілеп жатты. Цин әулеті Корея қауіпсіздігі Үш Шығыс провинциясының (Маньчжурияның), одан әрі материктік Қытайдың қауіпсіздігімен тікелей байланысты екенін түсінді (한국사, 2000: 271).

XIX ғасырда Еуропа мемлекеттері мен Ресей империясының Солтүстік-Шығыс Азияда, Корей түбегіне тікелей жақын аймақта пайда болуы корей зиялыларының еуропалық елдер туралы ақпаратқа деген қызығушылығын арттырды. Әлемдегі геосаяси жағдайды тереңірек түсіну мақсатында Чхве Ханги 1850-жылдардың соңында Сюй Цзюйдің «Әлем туралы қысқаша жазбалар» атты географиялық трактатын талдап, әлемнің әртүрлі елдерінің географиясы мен әдет-ғұрыптары туралы нақты түсінік алуға ұмтылды. Бұл еңбекте дүниежүзі географиясы карталар мен түсіндірмелер арқылы баяндалған. Чхве Ханги ешқашан Чосон аумағынан шықпағанына және толықтай жазба дереккөздерге сүйенгеніне қарамастан, дәстүрлі неоконфуцийлік түсіндіру жүйесінен өзгеше дүниетаным негізінде әлемді жүйелеген «Джигу Джонё» атты географиялық еңбекті жазды (유교적, 2009: 315).



5-сурет. Джигу Джонё. «Чхве Хангидің Джигу Джонё бейнелері мен жер атауларын зерттеу» мақаласынан (오길순, 2010:74).

4-кесте. Батыс Аймақ (Орталық Азия) картасында (西域各回部圖 /중앙아시아 각국) келесі географиялық атаулар көрсетілген (西域各回部圖 /중앙아시아 각국):

№	Түпнұсқа атаудың жазылуы	Иероглифтың айтылуы	Корей тіліндегі жер атауы (О Гиль Сунның аудармасы)	Қазақ тіліндегі жер атауы
1	哈薩克右西部	Hāsàkè yòu xībù	카자흐 우서부	Қазақтың оңтүстік батыс бөлігі
2	北哈薩克	Běi Ha sa ke	북 카자흐	Солтүстік Қазақ
3			카자흐 우중부	Қазақтың орталық аймағы
4			카자흐 좌부	Қазақтың шығыс аймағы
5	塔爾巴哈台	Tǎ ěr bā hā tái	타청	Тарбағатай
6	巴爾噶什湖	Bā'ěr gá shén hú	발하슈 호	Балқаш көлі
7	咸海	Xián hǎi	아랄해	Арал теңізі
8	阿母河	Ā mǔ hé	아무다리야강	Амудария өзені (3 рет)
9	阿克蘇	Ākèsū	아커쑤	Ақсу
10	伊犁	Yī lì	이리	Іле
11	里海	Lǐ hai	카스피 해	Каспий теңізі
12	烏什	Wū shén	우스	Ұш
13	科布多	Ke bu duo	호브드	Қобды
14	塔什干	Tǎshéngàn	타슈켄트	Ташкент
15	納林河	Nà lín hé	나린강	Нарын өзені
16			러시아 경계	Ресей шекарасы (7)
17	此一帶回部	Cǐ yī dài huí bù	이일대는 이슬람 지역이다	Бұл аймақта мұсылмандардың түрлі тайпалары қоныстанған
18			우즈베키스탄의 각부락 미상	Өзбекстанның белгісіз аудандары/ауылдары
19	布哈爾	Bù hā ěr	부하라	Бұхара (9)
20	薩瑪爾汗	Sa na er han	사마르칸드	Самарқанд
21	浩罕	Hào hǎn	코칸드	Қоқанд
22	安集延	Ānjíyán	안디잔	Әндіжан
23	納木干	Nà mù gàn	나망간	Наманган
24	巴達克山	Bā dá kè shān	바다흐산	Бадахшан

25	波斯界	Bōsī jiè	페르시아경계	Парсы шекарасы (4)
26	布鲁特	Bu lu te	동 키르기즈	Шығыс Бұрыт (2)
27	布鲁特	Bu lu te	서 키르기즈	Батыс Бұрыт (2)
28	窩什	Wō shén	오슈	Ош
29			이스쿠쿨 호	Ыстықкөл
30	喀拉沙爾	Kā lā shā ěr	샤르카라	Қарашәрі
31	庫爾喀拉烏蘇	Kù ěr kā lā wū sū	우쑤	Құрқараусу
32	和田	Hétián	호탄	Қотан
33	葉爾羌	Yè ěr qiāng	예청	Яркенд
34	巴爾楚克	Bā'ěr chǔ kè	바추	Баршұқ
35	英吉沙爾	Yīngjí shā ěr	잉지사	Яңгішары
36	蔥嶺	Cōng líng	콩링	Цунлин (Памир)
37	(馬爾格蘭) 馬爾 嘎朗	Mǎ'ěr gā lǎng	마르갈랑	Маргалан

(Огилсун, 2010:74).

Еуропалық теңізшілер Кореяға келгенге дейін корейлер Батыс өңірі деп Орталық Азияны атаған, себебі ол Корея мен Қытайдың батысында орналасқан. Кейін еуропалықтар мен америкалықтар корей қоғамының барлық салаларына белсенді түрде ене бастағаннан кейін, корей дүниетанымындағы «Батыс» ұғымы Орталық Азиядан Еуропа мен Америкаға ауысты. Батыс өңірі (Орталық Азия) туралы мәліметтер «Самгук саги» және «Самгук юса» сияқты ортағасырлық еңбектерде сақталған.

Үш патшалық кезеңіндегі Когурё мемлекеті алғашқылардың бірі болып Қытай мен Орталық Азиядан келген шетелдік өнерді қабылдап, халықаралық әмбебаптық пен өзіндік ерекшелікті ұштастыра дамытты және Пэкче, Силла, Кая, сондай-ақ Жапония сияқты басқа елдердің мәдениеті мен өнеріне терең ықпал етті деп есептеледі.

Үш патшалық дәуірінде Силладан көптеген монахтар Тан әулеті кезеңіндегі Қытайға барып, маңызды рөл атқарды. Солардың ішіндегі ең танымалдарының бірі — Хечхо (혜초) (704–787 жж.). Ол Қытайға барып, кейін Үндістан мен Батыс өңірлерге (Орталық Азияға) қажылық сапар жасағанымен белгілі. Бұдан кейін Қытайға оралып, өмірінің қалған бөлігін буддизмге арнаған. Оның сапар жазбалары — «Ваночхончхуккучон» (왕오천축국전) — Корея тарихындағы маңызды дереккөз ретінде кеңінен танылған (Riotto, 2021: 1).

Буддизмнен бөлек, Орталық Азиядан ислам астрономиясы, математикасы және медицинасының жетістіктері алдымен Қытайға, кейін моңғол шапқыншылығы кезеңінде Корей түбегіне жеткен. Сондай-ақ мақта өндірісінің де Орталық Азия, Парсы және Үндістаннан Корей түбегіне таралған болуы ықтимал. Қытайда мақта өндірісінің Юань әулеті кезеңінде, яғни моңғолдар билігі тұсында қалыптасқаны белгілі. Мақта Кореяға XIV ғасырдың соңында Юань әулетіне елші ретінде барған Мун Ик-чжом арқылы жеткізіліп, келесі жылы, 1364 жылы Кансонда егілген және кеңінен таралған (권오영, 2009: 278).

4-кестеде «Самарқанд/ 萨玛尔汗 » топонимі анықталған, ол Кореяда Самарқанд Афрасиаб деп аталған кезеңнен бері белгілі. 1965 жылы Самарқандта Афрасиаб патша сарайының қабырға суреттері табылған. Оның батыс бөлігінде араб шапқыншылығына дейінгі кезеңге (VII ғасырдың соңы) жататын Вахман елшілерінің бейнелері көрсетілген. Солардың екеуі ежелгі корейлер болып табылады, бұл олардың монғолоидтық белгілерінен (қара шаш, сарғыш-қоңыр тері) және өзіндік киім үлгілерінен — төбесіне түйілген шаш, қауырсынды бас киім, тізеден төмен түсетін ұзын сары шапан, белді айнала буылған қара белдік, кең шалбар, үшкір тұмсықты аяқ киім және қолдарын айқастырып ұстауынан көрінеді (우덕찬, 2004: 245).

Қорытынды

Чхве Хангидің өмірбаянын зерттеу оның маңызды мемлекеттік қызметтер атқармағанын көрсетеді, алайда ол ақсүйек, корей янбаны болғандықтан, XIX ғасырда жоғары деңгейдегі классикалық білім алған. Бұл оған ғылыми қызметпен айналысуға уақыт беріп, сондай-ақ еуропалық тілдерден иероглифтік жазуға аударылған классикалық және жаңа еңбектерге қол жеткізуіне мүмкіндік жасады. Корея, Жапония және Қытайдан тыс әлем туралы қолда бар білім мен мәліметтер «Джигу Джонё» еңбегіне енгізілген. Чхве Хангидің басты еңбегі — географиялық атаулар жөніндегі білімді жинақтау, салыстыру, редакциялау, сын тұрғысынан қарастыру және жалпылау арқылы жүйелеуі болды; тек осы үдеріс аяқталғаннан кейін ғана топонимикаға қатысты мәліметтер қолдануға жарамды «білімге» айналады. Чхве Ханги өз еңбегін сол кезеңдегі корей қоғамында қалыптасқан академиялық категорияларға бейімдей алды. «Джигу Джонё» карталарындағы топонимдерді қарастыру барысында оның сол уақыттағы корей карталары мен жаңа еуропалық зерттеулерді салыстыру арқылы өңдеп, толықтырғаны байқалады.

Қазақ ғылымы үшін «Джигу Джонё» еңбегіндегі Еуразия картасында бірден екі «Қазақ» топонимінің — «Қазақ» (哈萨克) және «Солтүстік Қазақ» (北哈萨克) — белгіленуі маңызды. Бұл атаулар сол кезеңдегі Парсы, Бұхара, Қоқан және Түркия сияқты елдермен қатар Қазақстан аумағын білдірген. Сонымен қатар, Еуразия картасына Каспий теңізі мен Арал теңізі сияқты екі қазақ гидронимі енгізілген.

«Джигу Джонё» оқулығындағы Қытай картасын жасау барысында Чхве Ханги, ықтимал түрде, қытайдың «Гуньюй Ванго цюаньту» картасын және Цин әулеті дәуіріндегі Қытай картасын пайдаланған; бұл карта XIX ғасырда Кореяда редакцияланған. «Джигу Джонё» Қытай картасында Қазақстан мен Қытай арасындағы кең шекара көрсетіліп, оның бойында «Қазақ» (哈萨克 / Ha sa ke) атауы үш рет аталады. Қазақ топонимдері мен гидронимдерінің қатарында Қытай аумағынан бастау алатын Іле өзені (伊犁), Балқаш көлі (巴尔喀什湖), Алтай таулары (阿尔泰山) және Тянь-Шань таулары (天山) белгіленген.

Батыс өңірі (Орталық Азия) картасында да қазақ топонимдері көрсетілген. Ерекше атап өтетін жайт, Чхве Ханги бұл картада Солтүстік, Орталық және Шығыс Қазақстанды жеке-жеке белгілеген. Картаға Тарбағатай, Тянь-Шань таулары, Іле өзені, Балқаш көлі, Арал теңізі және Каспий теңізі сияқты қазақ жеріндегі табиғи нысандар енгізілген. Алайда картада Қазақстанның оңтүстігіндегі және Сырдария бойындағы қалалар қамтылмаған. Дегенмен, Чхве Хангидің Қазақстан мен Орталық Азияда ешқашан болмағанын ескерсек, оның бұл аймақтарды сипаттауда ауқымды жұмыс атқарғаны анық.

Орталық Азия картасын талдау қытай және еуропалық әлем карталарына, сондай-ақ өзге де тарихи дереккөздерге қызығушылық танытқан корей зиялыларының Қазақстан мен Орталық Азия туралы белгілі бір түсінікке ие болғанын көрсетеді. Сонымен бірге, қарапайым корей халқы негізінен Қытай, Жапония, Моңғолия, Оңтүстік-Шығыс Азия елдері, АҚШ және

жаңа отаршыл еуропалық мемлекеттер туралы мәліметтермен шектелгенін, ал Батыс өңірі (Орталық Азия) жөнінде олардың түсінігі көмескі болғанын атап өткен жөн.

Орта ғасырлардағы және ерте жаңа дәуірлердегі корей картографиясының тарихын зерттеу Батыс өркениеті Қытайға және Чосон әулетіне келгенге дейін Корей түбегі түркі, моңғол және орта азиялық географиялық атаулармен таныс болғанын көрсетті. Корей картографтары бұл ақпараттың көп бөлігін қытайлық интеллектуалды өндіріс арқылы алды. Батыс миссионерлері мен саудагерлері Қытай мен Шығыс Азияға белсенді түрде ене бастағаннан кейін, Орталық Азияны жақсы білетін батыс географиялық білімі Чосон әулетіне берілді. Корейліктер мен қытайлықтар мен батыстықтар арасындағы мәдени және академиялық алмасу корей картографы Чхве Хангидің «Джигу Джонё» атласында кездесетін «қазақ» саяси атауларының, «Арал теңізі», «Балқаш көлі» және «Каспий теңізі» гидронимдерінің және қазақ тауларының атауларының: Тарбағатай, Орал, Тяньшань және Алтайдың пайда болуына мүмкіндік берді. Жалпы алғанда, «Джигу Джонё» еңбегін Қазақстан мен Орталық Азия географиясы бойынша маңызды корей дереккөзі ретінде қарастыруға болады.

Әдебиеттер

Kenzheakhmet, 2015 – *Kenzheakhmet N. Central Asian Place Names in the Kangnido* // Journal of Asian History 49. 2015 (1-2). P.141-160.

Ledyard, 1994 – *Ledyard Gari. Cartography in Korea/ Cartography in the Traditional East and Southeast Asian Societies. University of Chicago Press, 1994. 970 p.*

Riotto, 2021 – *Riotto, Maurizio. The Strange Story of Monk Ariyabalma* Int J Korean Hist. 2021;26(1):1-34.

Оспанов, Ошан, 2024 – *Оспанов Н.М., Ошан Ж. Географические обозначения Великой Степи на корейских картах периода династии Чосон. Вестник КазНУ. Серия историческая, 112(1). С. 91–116. <https://doi.org/10.26577/JH.2024.v112.i1.08>*

Первые контакты русских и корейцев в XIII-XIV веках [Электронды ресурс] URL:

Первые контакты русских и корейцев в XIII-XIV веках// <https://onekorea.ru/2020/05/12/pervye-kontakty-russkix-i-korejcev-v-xiii-xiv-veках-2/> (Қаралған күні: 10.01.2026).

권오영 (Квон О-Ён), 2009 – 권오영 (Квон О-Ён). 유교적 사유 양식의 고수와 근대적 전환 [Конфуцийлік ойлау тәсілдерін ұстану және қазіргі заманғы өтпелі кезең]. 국사편찬위원회. 2009.

노 [Но], 2005 – 노혜정. 『地球典要』에 나타난 최한기의 지리 사상 [Чхве Хангидің «Джигу Джонёда» ұсынылған географиялық ойлары]. 지리학논총, Vol.45, pp. 471-495

박 [Пак], 2024 – 박혜민 [Пак Хэ Мин]. 19 세기 세계지리지와 일본에 관한 지식 확산에 대한 고찰-최한기(崔漢綺)의 『지구전요(地球典要)』 「일본」 조목을 중심으로 [XIX ғасырдағы әлемдік география және Жапония туралы білімді тарату бойынша зерттеу: Чхве Хангидің «Джигу Джонё» еңбегінің «Жапония» бөліміне назар аудару]. 조선통신사연구 [Чосон Тонгсинса туралы зерттеулер] 2024, vol., no.37, pp. 63-90.

신편 한국사, 1996 – 신편 한국사/[Корея тарихының жаңа басылымы] 고려 시대. 21 권 고려 후기의 사상과 문화 [Корё заманы. 21-том: Корё кезеңінің соңғы кезеңіндегі ой мен мәдениет]. 국사편찬위원회 편, 1996. 616 p.

야규 [Ягю], 2017 – *야규마코토* [Ягю Макоты]. 19 세기 실학자의 일본인식 -최한기와 이규경을 중심으로 [XIX ғасырдағы Сирхак ғалымдарының Жапония туралы түсінігі - Чхве Ханги мен Ли Гю-гёнге назар аудару]. 문화와 예술연구 [Мәдениет және өнерді зерттеу]. 2017, vol.10, pp. 13-58.

오 [О], 2010 – *오길순* [О Гил Сун]. 최한기 『지구전요』 도(圖)의 모사와 세계지명조사 [Чхве Хангидің «Джигу Джонё» және әлемдік жер атауларындағы картаның көшірмесі] // 고지도연구학회지 제 2 권 제 1 호 2010. P.63-88.

오 [О], 2013 – *오상학* [О Саң Хак]. 조선후기 세계 지리지에 대한 시론적 고찰 [Чосон әулетінің соңғы кезеңіндегі әлемдік география бойынша алдын ала зерттеу]. 규장각. 2013, vol., no.43, pp. 245-275

우[У], 2004 – *우덕찬*. 6-7 세기 고구려와 중앙아시아 교섭에 관한 연구 [VI және VII ғасырлардағы Когурё мен Орталық Азия арасындағы өзара әрекеттесуді зерттеу]. 한국중동학회논총. 2004. vol.24 (2). pp.237 - 252

원, 1999 – *원재연*. 19 세기 조선의 러시아 인식과 문호개방론 [XIX ғасырдағы Чосонның Ресей туралы түсінігі және есікті ашу теориясы]. 한국문화. 1999, vol., no.23, pp. 185-220

윤 [Юн], 2025 – *윤석호* [Юн Сок Хо]. 최한기(崔漢綺)의 □지구전요(地球典要)□ <구라파(歐羅巴)> 편집 양상과 그 의미 [Чхве Хангидің «Джигу Джонё» шығармасындағы «Еуропа» бөлімінің редакциялық аспектілері мен маңызы]. 역사와 실학 [Тарих пен Сирхак] 2025, vol., no.87, pp. 273-315

이름별 문화인물 [Мәдени тұлғалардың аты-жөні бойынша] // [Электронды ресурс] URL: <https://www.kculture.or.kr> (Қаралған күні: 12.01.2026).

장[Джан], 2011 – *장현근* [Джаң Хёнгын]. 한국에서 대중국관념의 변화: 중화주의, 소중화주의, 탈중화주의 [Кореядағы Қытай тұжырымдамасындағы өзгерістер: синоцентризм, кіші синоцентризм, постсиноцентризм]. JAPS 2011, vol.18, no.2, pp. 97-123

조선 전기의 지도 [Чосон әулетінің алғашқы кезеңінің картасы] // [Электронды ресурс] URL: <http://www.cartography.or.kr/down/05.pdf> (Қаралған күні: 10.01.2026).

지구전요 (地球典要) [Джигу Джонё] // [Электронды ресурс] URL: <https://terms.naver.com> (Қаралған күні: 12.01.2026).

지도 (地圖) [Карта] // [Электронды ресурс] URL: <https://encykorea.aks.ac.kr/Article/E0054123> (Қаралған күні: 11.01.2026).

최한기. 일찍이 서양 학문에 눈뜬 천재학자 [Чхве Ханги. Ерте жастан батыстық білімге көзін ашқан данышпан ғалым] // [Электронды ресурс] URL: <https://contents.history.go.kr> (Қаралған күні: 10.01.2026).

최한기의 종합적 과학기술 수용 [Чхве Хангидің ғылым мен технологияны жан-жақты қабылдауы] // [Электронды ресурс] URL: <https://contents.history.go.kr> (Қаралған күні: 12.01.2026).

하늘, 시간, 땅에 대한 전통적 사색, 2007 – *하늘, 시간, 땅에 대한 전통적 사색* [Аспан, уақыт және жер туралы дәстүрлі ойлар] / 국사편찬위원회 편 | 두산동아. 2007 년 12 월 17 일. 272 p.

한국사, 1995 – 한국사 26 조선 초기의 문화 I – [Корей тарихы 26: Ертедегі Чосон дәулетінің мәдениеті I]. 국사편찬위원회 편집부, 1995 년.

한국사, 2000 – 한국사 37 서세 동점과 문호개방 문호개방 [Корея тарихы 37: Батыстың шығысқа басып кіруі және есіктердің ашылуы]. 2000. 349p.

References:

Choi Han-ki's Comprehensive Acceptance of Science and Technology // URL: <https://contents.history.go.kr> (Accessed: 12.01.2026). [in Kor].

Chang, 2011 – Chang Hyunguen. Korean Concept toward China : Sinocentrism, Small-Sinocentrism, and Post-Sinocentrism. JAPS 2011, vol.18, no.2, pp. 97-123. [in Kor].

Ho, 2025 – Ho Yoon Suk. A Study on Choi Han-ki's Editorial Strategies and Intellectual Significance of the “Kurapa(Europe)” Section in Jigujeonyo. 역사와 실학 [History and Sirhak] 2025, vol., no.87, pp. 273-315 [in Kor].

Kenzheakhmet, 2015 – Kenzheakhmet N. Central Asian Place Names in the Kangnido // Journal of Asian History 49. 2015 (1-2). P.141-160.

Ledyard, 1994 – Ledyard G. Cartography in Korea/ Cartography in the Traditional East and Southeast Asian Societies. University of Chicago Press, 1994. 970 p.

Noh, 2005 – Noh Hye-jeong. The Geographical thoughts of the Jigujeonyo of Choi, Hangi. 지리 학논총, Vol.45, pp. 471-495 [in Kor].

Oh, 2010 – Oh Gil-sun. Reproduction of the Map in Choi Han-gi's Jigujeonyo and World Place Name Survey // 고지도연구학회지 제 2 권 제 1 호 2010 p. 63-88 [in Kor].

Oh, 2013 – Oh Sang Hak. A Preliminary Study on the World Geographies in the Late Joseon Period. 규장각. 2013, vol., no.43, pp. 245-275. [in Kor].

Ospanov, Oshan, 2024 – Ospanov N. M., Oshan Zh. Geographical designations of the Great Steppe on Korean maps of the Joseon dynasty. Journal of History. 112(1). P. 91–116. <https://doi.org/10.26577/JH.2024.v112.i1.08> [in Rus].

Park, 2024 – Park, Hea-min. A Study on the Dissemination of Knowledge on Japan in 19th Century World Geography : A Focus on Choi Han-gi's Jigujeonyo. 조선통신사연구 2024, vol., no.37, pp. 63-90. [in Kor].

Woo, 2004 – Woo Duck Chan. A study on the contacts between Koguryo and Central Asia in the 6th-7th century).

Yagyu, 2017 – Yagyu Makoto. The 19th century Chosen Dynasty Silhak scholar's Japanese perception -On Choe Hangi(崔漢綺) and Yi Gyugeong(李圭景). 문화와 예술연구. 2017, vol.10, pp. 13-58 [in Kor].

권오영, 2009 – Kwon Oh-young. Adherence to Confucian modes of thought and the modern transition. – 국사편찬위원회, 2009 [in Kor].

신편 한국사, 1996 – sinpyeon hangugsa [New Edition of Korean History] golyeo sidae. 21gwon golyeo hugiui sasang-gwa munhwa [Goryeo Dynasty. Volume 21: Thought and Culture of the Late Goryeo Period]. 국사편찬위원회 편. 1996. P. 616 p. [in Kor].

이름별 문화인물. ireumbyeol munhwainmul [Cultural figures by name] // URL: <https://www.kculture.or.kr> (Accessed: 12.01.2026). [in Kor]. 지구전요 (地球典要). jigujeon-yo // URL: <https://terms.naver.com> (Accessed: 12.01.2026). [in Kor].

조선 전기의 지도. joseon jeongiui jido [Map of the early Joseon Dynasty] // URL: <http://www.cartography.or.kr/down/05.pdf> (Accessed: 10.01.2026). [in Kor].

지도 (地圖) [Map] . jido// URL: <https://encykorea.aks.ac.kr/Article/E0054123> (Accessed: 11.01.2026). [in Kor].

최한기. 일찍이 서양 학문에 눈뜬 천재학자. choehangi. iljjig-i seoyang hagmun-e nuntteun cheonjaehagja [Choi Han-gi. A genius scholar who opened his eyes to Western learning at an early age] // URL: <https://contents.history.go.kr> (Accessed: 10.01.2026). [in Kor].

최한기의 종합적 과학기술 수용. choehangiui jonghabjeog gwahaggisul suyong

하늘, 시간, 땅에 대한 전통적 사색, 2007 – haneul, sigan, ttang-e daehan jeontongjeog sasaeg [Traditional contemplation on the sky, time, and earth] / 두산동아. – 2007 년 12 월 17 일. 272 p. [in Kor].

한국사, 2009 – hangugsa. yugyojeog sayu yangsig-ui gosuwa geundaejeog jeonhwan [Korean History. Adherence to Confucian Modes of Thought and Modern Transition]. – 국사편찬위원회, 2009 [in Kor].

한국사, 1995 – hangugsa 26 joseon chogiui munhwa I– [Korean History 26: Culture of the Early Joseon Dynasty I]. 국사편찬위원회 편집부. 1995 년. [in Kor].

¹ Masimkhanuly Duken  ² Ospanov N.M.  ³ Karimova Z.K. 
^{1,2,3} R. B. Suleimenov Institute of Oriental Studies, Almaty, Kazakhstan.
E-mail: ¹duken.masimhan@gmail.com, ²nurlanpostdok@gmail.com, ³
vostok_karimova@mail.ru

KAZAKH AND TURKIC TOPONYMS IN THE BOOK OF JIGUJEONYO (INTRODUCTION TO THE STUDY OF THE EARTH)

Abstract. This article examines Kazakh and Turkic geographical names in the 1857 book Jigujeonyo (Introduction to Earth Studies). The author of Jigujeonyo is Korean cartographer Choe Hangi, a member of the Sirhak movement, which advocated "real knowledge" in opposition to Confucian dogma. The article's novelty lies in its study of Korean cartography during the Joseon Dynasty (1392-1897), the biography of the philosopher and cartographer Choe Hangi, and the Turkic toponyms in Jigu Jon'yo. One of the tasks of the article is to study the works of South Korean historians and cartographers, which will allow us to understand the main directions and stages of the development of Korean cartography in the New Age. The main objective of the article is to identify Central Asian, Turkic, and Kazakh toponyms in the book Jigu Jon'yo (Introduction to Earth Studies) by Korean cartographer Choe Hangi. This article uses descriptive and historical methods to study the history of Korean cartography and identify Turkic and Kazakh toponyms on Korean maps. The results of the study allow the authors to conclude that numerous Kazakh and Turkic toponyms are indicated on the Jigujeongyo maps of Eurasia (地球前圖), China (皇清全圖), Russia (俄羅斯圖), and Central Asia (西域各回部圖) of 1857.

Acknowledgement. The article was written within the framework of the scientific project BR24993043 "Ancient Turkic Toponyms in Chinese and Other Eastern Sources A Foundation for Modern Turkic Integration: Historical Etymological and Linguistic Perspective".

Key words: Choi Hangi, Korean maps, Jigujeonyo, Kazakh and Turkic place names.

¹ Масимханулы Д., ² Оспанов Н.М., ³ Каримова З.К.

^{1,2,3} Институт востоковедения им. Р. Б. Сулейменова, Алматы, Казахстан.

E-mail: ¹duken.masimhan@gmail.com, ²nurlanpostdokgmail.com, ³vostok_karimova@mail.ru

КАЗАХСКИЕ И ТЮРКСКИЕ ТОПОНИМЫ В КНИГЕ ДЖИГУ ДЖОНЁ (ВВЕДЕНИЕ В ИЗУЧЕНИЕ ЗЕМЛИ)

Аннотация. Данная статья посвящена изучению казахских и тюркских географических названий в книге Джигу Джонё (Введение в изучение Земли) 1857 г. Автором книги Джигу Джонё является корейский картограф Чхве Ханги, который был одним из представителей движения Сирхак, выступавшая в «за реальные знания» в противовес конфуцианским догмам. Новизной статьи является изучение корейской картографии периода династии Чосон (1392-1897), биографии философа и картографа Чхве Ханги, тюркские топонимы книги Джигу Джонё. Одной из задач статьи является изучение работ южнокорейских историков и картографов, которое позволит понять основные направления и этапы развития картографии Кореи в Новое время. Основная цель статьи – выявление центральноазиатских, тюркских и казахских топонимов в книге Джигу Джонё (Введение в изучение Земли) корейского картографа Чхве Ханги. В статье используется описательный и исторический методы, позволяющие изучить историю корейской картографии и выявить тюркские и казахские топонимы на корейских картах. Результаты, полученные в ходе исследования, получают сделать вывод авторам, что на картах Евразии (地球前圖), Китая (皇清全圖), России (俄羅斯圖), Центральной Азии (西域各回部圖) Джигу Джонё 1857 г. обозначены многочисленные казахские и тюркские топонимы.

Благодарность: Статья написана в рамках выполнения научного проекта BR24993043 «Древнетюркские топонимы в источниках Китая и других стран Востока – одна из основ современной тюркской интеграции: историко-этимологическое, лингвистическое видение».

Ключевые слова: Чхве Ханги, корейские карты, Джигу Джонё, казахские и тюркские топонимы.

Авторлар туралы мәлімет:

Мәсімханұлы Дүкен – филология ғылымдарының докторы, профессор, Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының Бас директоры

Оспанов Нұрлан Мұратұлы – Р.Б. Сулейменов атындағы Шығыстану институтының ғылыми қызметкері, Алматы, Қазақстан.

Каримова Каримовна Зүлфия – т.ғ.н., Р.Б.Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының ғылыми қызметкері, тарих ғылымдарының кандидаты, Алматы, Қазақстан.

Сведения об авторах:

Масимханулы Дукен – доктор филологических наук, профессор, Генеральный директор Института востоковедения имени Р.Б. Сулейменова

Нурлан Муратович Оспанов – научный сотрудник Института востоковедения им. Р. Б. Сулейменова, Алматы, Казахстан.

Каримова Зүлфия Каримовна – кандидат исторических наук, Институт востоковедения им. Р.Б. Сулейменова, КН, МНВО РК, Казахстан, Алматы.

Information about the authors:

Masimkhanuly Duken – doctor of philological sciences, professor, general director of R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies

Ospanov Nurlan Muratovich Зульфия researcher at the R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies, Almaty, Kazakhstan.

Karimova Zulfia Karimovna – candidate of historical sciences, R.B. Suleymenov Institute of Oriental Studies, Kazakhstan, Almaty

*Келін түсті 17 маусым 2026 жыл
Қабылданды 1 тамыз 2026 жыл*